


ARDESTO

ЭЛЕКТРИЧЕСКИЙ ЧАЙНИК

ЭЛЕКТРЛІ ШАЙНЕК

ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ
ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



EKL-F300W, EKL-F300R

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы нұсқаулықтар

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және нұсқаулықты сақтаңыз.
- Бұл құрылғы осы нұсқауларға сәйкес пайдалануға арналған. Дұрыс пайдаланбау жарақаттану және осы тұрмыстық техниканың зақымдану себебі мүмкін.
- Бұл құралды 8 жастан асқан балалар және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой кемістігі бар немесе тәжірибе мен білімі жеткіліксіз адамдар, егер олар үнемі бақылауда болса немесе құралды қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқау берілсе және олар ықтимал қауіптерді түсінсе, пайдалана алады. Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Тұтынушы тазалауды және қызмет көрсетуді қараусыз балалар жүргізбеуі тиіс.
- Әрқашан уәкілетті техник маманға хабарласыңыз. Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз.

Электр және жылу көздері

- Бірінші рет қолданар алдында желідегі кернеу құрылғының зауыттық тақтайшасында көрсетілгенге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны қосу үшін жерге тұйықталған розетканы қолданғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны алып жүрмес бұрын немесе ол пайдаланылмаса, әрқашан ашасын розеткадан алыңыз.
- Қуат кабелін емес, ашасын тарту арқылы ашаны розеткадан алыңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Әрқашан уәкілетті техник маманға хабарласыңыз. Қауіпті болдырмау үшін ақаулы кабельді тек өндірушімен, клиенттерді қолдау қызметімен немесе білікті маманмен ауыстырыңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері қызып кетуі мүмкін. Пайдаланғаннан кейін қыздыру элементінің беті ыстық болады. Күйіп қалмас үшін бұл бөліктерге қол тигізбеңіз.

Қуат кабелінің зақымдалмағанына көз жеткізу үшін оны үнемі тексеріп отырыңыз. Қуат кабелі зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.

- Құрылғыға жылу шығатын орын қажет, бұл өрт қаупінің алдын алады. Құрылғының айналасында жеткілікті орын бар екеніне және тез жанғыш материалдармен жанаспайтынына көз жеткізіңіз. Құрылғыны жабуға болмайды.
- Құрылғы, қуат кабелі және аша ыстық пеш немесе ашық от сияқты жылу көзімен жанаспайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы, қуат кабелі және аша сумен жанаспайтынына көз жеткізіңіз. Электр ағытпасына сұйықтықтың ағып кетуіне жол бермеңіз.

Пайдалану уақытында

- Ешқашан құрылғыны ашық ауада пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны тегіс, тұрақты бетке қойыңыз.
- Қолданғаннан кейін және тазаламас бұрын әрқашан ашаны розеткадан алыңыз.
- Қуат кабелінің дренаж тақтасының, жұмыс бетінің немесе үстелдің шетінен ілінуіне ешқашан жол бермеңіз.
- Құрылғыны, қуат кабелін немесе ашаны ұстамас бұрын қолыңыздың құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны дымқыл бөлмеде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны, ашаны немесе қуат кабелін ешқашан суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз.
- Егер құрылғы суға түсіп кетсе, оны көтермеңіз. Ашаны розеткадан дереу алып тастаңыз және құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Шайнекпен бірге келетін шайнек тұғырын ғана пайдаланыңыз. Ешқашан тұғырды басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз.
- Шайнекті тұғырдан алыңыз және ағын сумен толтырыңыз. Шайнекті ешқашан максималды деңгейден жоғары толтырмаңыз. Егер шайнек толып кетсе, қайнаған су төгілуі мүмкін.
- Құрылғыны сумен толтырмайынша оны қоспаңыз. Тек суық су құйыңыз.
- Құрылғыны пайдаланған кезде шайнектің қақпағы мықтап жабылуы керек.
- Су әлі қайнап тұрған кезде қақпақты ешқашан ашпаңыз.

- Құрылғыны тек қайнату немесе суды жылыту үшін пайдаланыңыз. Оны ешқашан басқа сұйықтықтар үшін пайдаланбаңыз!
- Шайнекті кем дегенде 0,5 литр сумен толтырыңыз.
- Сақтау алдында құрылғыны бөлме температурасына дейін суытыңыз.
- Бұл құрылғыны сыртқы таймер арқылы немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі арқылы пайдалануға болмайды.
- Құрылғы тұрмыстық және ұқсас жағдайларда пайдалануға арналған, соның ішінде:
 - дүкендерде, кеңселерде және басқа да өндірістік жағдайларда қызметкерлерге арналған ас үй аймақтарында;
 - ферма үйлерінде;
 - қонақ үйлердегі, мотельдердегі және тұрғын үй түріндегі басқа да инфрақұрылымдағы клиенттерге;
 - пансионат режимінде тұру және таңғы ас.

ЖИЫНТЫҚ

1. Электр шайнек - 1 дана.
2. Шайнек тұғыры-1 дана.
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық (кепілдік талонымен) -1 дана.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

1. Қақпақ
2. Шүмек
3. Тот баслайтын болаттан жасалған корпус
4. Шайнек тұғыры
5. Көмескі жарығы бар Қосу/Сөндіру батырмасы
6. Су деңгейінің индикаторы
7. Тұтқа
8. Қақпақты бұғаттан алу батырмасы



Құрылғыны бірінші рет пайдалану

Алғашқы қолданар алдында кез келген өндіріс қалдықтарын алып тастаңыз, толық шайнекті 3 рет қайнатыңыз. Содан кейін бұл суды төгіп тастаңыз.

Пайдалы кеңес: Сонымен қатар қақты кетіруге арналған құралды қолдануға болады.

Қолдану

1. Шайнекті шүмек сізден алшақ болатындай етіп бұраңыз.
2. Батырманы басып, қақпақты (8) ашыңыз.
3. Шайнекті қажетті мөлшерде сумен толтырыңыз (кем дегенде 0,5 литр және максимум 1,7 литр). Шайнекті ешқашан «МАКС» деңгейінен жоғары толтырмаңыз. Кері жағдайда ыстық су шайнек тұғырына түсуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тұғырға су төгілмегеніне көз жеткізіңіз.

4. Қақпақты ашу үшін батырманы басыңыз.
5. Шайнекті шайнек тұғырына қойып, ашаны розеткаға салыңыз. Қосу/ өшіру қосқышын төмен басыңыз. Қосу/өшіру индикаторы жанады.
6. Енді шайнек қосылып, су қыза бастайды.

Шайнек су қайнағаннан кейін бірнеше секундтан кейін автоматты түрде өшеді. Қосу/өшіру индикаторы өшеді.

7. Шайнекті тұтқадан ұстап, оны тұғырдан алыңыз да, су құйыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ыстық суға қол тигізбеу үшін абай болыңыз. Бұл ауыр күйік тудыруы мүмкін.

8. Егер сіз суды қайнатпай қыздырғыңыз келсе, шайнекті кез келген уақытта өшіруге болады.

9. Шайнекті пайдалануды аяқтағаннан кейін ашаны розеткадан алыңыз.

Қызып кетуден қорғау

Шайнек қызып кетуден қорғаумен жабдықталған. Егер шайнекте (жеткілікті мөлшерде) су болмаса, ол сөніп қалады. Қайта қолданар алдында шайнекті кем дегенде 10 минут суытыңыз.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Ашаны розеткадан шығарып, құрылғыны суытыңыз.
- Шайнекті дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз. Құрылғыны ешқашан ыдыс жуғыш машинаға салмаңыз. Электр қосылымдарының ылғалды емес екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер шайнектің ішкі жағы түсі қатты өзгерген болса, оны тазалаудың ең жақсы жолы дымқыл шүберекпен аздап содамен тазалау. Тазалағаннан кейін шайнекті жақсылап шайыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ешқашан күйдіргіш немесе агрессивті тазартқыш құралдарды немесе өткір заттарды (мысалы, пышақтар немесе қатты щеткалар) қолданбаңыз.

- Тазалау алдында құрылғының қуат көзіне қосылмағанына және салқындатылғанына көз жеткізіңіз.

Қақты кетіру

Құрылғы кіріктірілген қыздыру элементімен жабдықталған, сондықтан өк пайда болмайды. Қақтың пайда болуы судың кереметігіне және тұрмыстық техниканы пайдалану жиілігіне тәуелді, бірақ егер сіз құрылғыны қақтан тазартқыңыз келсе:

1. Ашаны розеткадан шығарып, құрылғыны суытыңыз.
2. Шайнекте қақтан тазартатын сүзгі бар. Бұл сүзгіні тазалау үшін алып тастау керек.
3. Шайнекті сірке суының ерітіндісімен «МАКС» деңгейіне дейін толтырып, қайнатыңыз.
4. Сірке суы ерітіндісі бар шайнекті бірнеше сағатқа қалдырыңыз.
5. Шайнекті босатыңыз, таза сумен «МАКС» деңгейіне дейін толтырыңыз және қайнатыңыз. Шайнекті босатыңыз. Бұл процесті екі рет қайталаңыз.

6. Ешқашан аммиакты немесе қақты кетіруге арналған басқа агрессивті құралдарды қолданбаңыз. Олар сіздің денсаулығыңызға зиян тигізуі мүмкін. Бөлшек саудамен айналысатын сатып алушылардан сатып алуға болатын тек сірке суы ерітіндісін немесе қақты кетіруге арналған арнайы құралды қолданыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Тұтынылатын қуаты: 1850-2200 Вт
Желідегі кернеу: 220-240 В~, 50 Гц

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Бұл таңбалама құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға тыйым салынғанын көрсетеді. Қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына бақылаусыз қалдықтардан болатын ықтимал зиянды болдырмау үшін бұл құрылғыны материалдық ресурстарды экологиялық қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін жауапкершілікпен тастау керек.

Ескі құрылғыны қауіпсіз кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықтың қалдықтарын жинау орнына немесе құрылғыны сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Өндіруші өнімділікке нұқсан келтірмейтін өнімнің техникалық сипаттамалары мен дизайнына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

ARDESTO

Құрметті сатып алушы! Ең жоғары сапа стандарттарына сай өзірленген және өндірілген ARDESTO сауда маркасының құралын сатып алуыңызбен құттықтаймыз және осы бұйымды таңдағаныңызға алғыс білдіреміз.

Кепілдік мерзімі ішінде талонды сақтаңыз. Бұйымды сатып алғанда кепілдік талонының толық толтырылуын талап етіңіз.

1. Кепілді қызмет көрсету дұрыс және анық толтырылған кепілдік талонының түпнұсқасы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады, онда мыналар көрсетіледі: бұйымның моделі, сатылған күні, сериялық нөмірі, кепілді қызмет көрсету мерзімі, сатушы фирмасының мері. *
 2. Тұрмыстық техниканың қызмет ету мерзімі 5 жылды құрайды.
 3. Бұйым тұтынушы мақсаттарында қолдануға арналған. Бұйымды коммерциялық қызметте қолданған кезде сатушы/өндіруші кепілдік міндеттемелерін артпайды, сервистік қызмет көрсету ақылы негізде орындалады.
 4. Кепілді жөндеу бұйымға кепілдік талонында көрсетілген мерзімде, уәкілетті қызмет көрсету орталығында қолданыстағы заңнамада белгіленген шарттар мен мерзімдерде жүзеге асырылады.
 5. Тұтынушы пайдалану нұсқаулығында баяндалған пайдалану ережелерін бұзған жағдайда бұйым кепілдіктен алынып тасталады.
 6. Бұйым келесі жағдайларда кепілді қызмет көрсетуден алынып тасталады:
 - мақсатына сай емес және тұтынушылық емес мақсаттарға пайдалану;
 - механикалық зақымдану;
 - бұйымға бөгде нәрселердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуінен болған зақымдар;
 - табиғи апаттар (жаңбыр, жел, найзағай және т.б.), өрт, тұрмыстық факторлар (шамадан тыс ылғалдылық, шаң, агрессивті орта және т.б.);
 - қуат параметрлерінің және кабельдік желілердің мемлекеттік стандарттарға және басқа ұқсас факторларға сәйкессіздігімен туындаған зақымданулар;
 - жабдықты бірыңғай жерлендіру контуры бар электр желісінде пайдаланған кезде;
 - бұйымда орнатылған пломбалар бүлінген кезде;
 - құрылғының сериялық нөмірі болмаған немесе оны сәйкестендіру мүмкін емес болған кезде.
 7. Кепілдік шығын материалдары мен керек-жарақтарды, сондай-ақ сүзгілерді, сөрелерді, қораптарды, тұғырларды және азық-түлік сақтауға арналған басқа ыдыстарды қамтымайды.
 8. Кепілді қызмет көрсету мерзімі сатылған күннен бастап 12 айды құрайды.
- * Техникалық қызмет көрсетуге жыртылмалы талондар авторластырылған сервистік орталықпен ұсынылады.

Бұйымның жиынтығы тексерілді. Кепілді қызмет көрсету талаптарымен танысты, шағымдар жоқ.

Сатып алушының қолы _____

«Аскон-7»

адрес: г. Алматы, ул. Бегалина, 47, тел.: +7(727)397-73-44; +7(727)397-75-75; +7(727)390-72-09; +7(701)744-93-69

web: <http://askon7.kz/>